



**ҒЫЛЫМИ
ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ
ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА**
Сапалық зерттеу әдісі және аралас
тәсілдермен талдау





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Сапалық зерттеу әдісі және аралас тәсілдермен талдау

Этноәдіснама – жеке адамдардың өздерінің күнделікті іс-әрекеттерін іске асыру үшін және өздерінің әлеуметтік әлеміне мән-мағына беруі үшін қолданатын әдістерін зерттеу. Этноәдіснаманың зерттеу нысаны қарапайым өмірді бағыттайтын «ережелерді» ашып көрсету. Ол үшін айтылған не жасалған нәрсе дұрыс па, бұрыс па, шын ба, жалған ба, ол жағы қызық емес. Шындығында, этноәдіснама бәрі бірге «нені» береді деген сұрақты елемейді, оның орнына ол қарым-қатынастар «қалай» жүзеге асырылады деген сұрақпен айналысады.

Кез келген мәдениетте адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас орнату жолдары болады. Әдетте ол ережелерді кітаптан табу қиын және сөздіктерде күнделікті қарым-қатынас орнатуда қолданылатын тіркестердің аудармасы да беріле бермейді. Осыған керемет бір мысал ретінде қазақтың құдалығын айтуға болады. Құда түсу, құда шақыру сияқты рәсімдер осындай сырт көзге түсініксіз көптеген кодтар жиынтығынан құралған. Мысалы, қызды беріп отырған жақ “қызы бардың назы бар” дейді. Бұл сөз мен қызымды саған беріп отырған соң, біраз өзімді еркін ұстауыма болады. Ал сен соған көнуіңе тура келеді, қыз керек болса. Саған қоятын шарттарым бар деген мағынаны білдіреді. Ал қызды алып отырған жақ осы тіркесті айтса, ол сізге біз кешіріммен қараймыз, мүмкіндігінше көңіліңізден шығуға тырысамыз, қандай шарттарыңыз бар соны айта беріңіз, қолымыздан келгенше бәрін орындауға тырысамыз дегенді білдіреді. Этноәдістеменің мақсаты осындай сырт көзге түсініксіз болатын, немесе белгілі бір мәдениетте қалыпты болып саналатын жайттарды түсіндіру және ол неге солай екенін анықтауға тырысу. Мысалға, сол құдалыққа қайта оралып, қыздың жасауын алатын болсақ, қыздың жасауын құдаларға көрсеткенде кім оларды көрсетеді, қалай көрсетеді, қандай сөздерді айтып отырады, ал қабылдап алып отырған жақ қалай жауап беруі керек. Оның бәрі бұрыннан әбден қалыптасып қалған рәсімдер, және егер сіз олардан хабарсыз болсаңыз, сіз күлкіге қаласыз, не сізге ренжиді, не сіздің есіңіз дұрыс емес-ау деп ойлайды. Яғни адамдар бір-бірімен араласқанда сақталатын сөйлесу кодтарынан хабардар болуыңыз тиіс. Бұл тек сөздерге емес, іс-әрекеттерге де қатысты. Көбіне біз ол кодтарды кішкентай кезімізден көріп, біліп өскендіктен, олар солай болуы тиіс сияқты болып көрінеді, одан басқаша болуы мүмкін емес сияқты болып көрінеді. Сондықтан, этноәдіснамалық зерттеулерді жүргізу басқа мәдениеттен келгендерге әлдеқайда жеңіл болады, ал зерттеушіге өз мәдениетін зерттегенде кейбір кодтарды байқауы қиын болуы мүмкін. Өйткені ол үшін бұл кодтар қалыпты болып көрінеді. Этноәдіснамалық зерттеулерде қолданылатын әдістің бірі.

Ережені бұзатын эксперименттер жүргізу

Ол үшін сіз қалыпты ережені бұзатындай әрекет ету арқылы эксперимент жасайсыз. Мысалы, үйге қонақ шақырып, оны кіре беріске отырғызасыз немесе оған ет асып берудің орнына күріш қайнатып бересіз. Содан соң, қонақтың қандай әсерде қалатынын байқайсыз. Қонағыңыз, әрине ренжиді. Яғни бұл осы мәдениеттегі кодтың бұзылғанын көрсетеді. Сырттан бақылаушы болсаңыз, қонақты төрге отырғызу және ет асу қазақ мәдениетінде қонақ күту рәсіміндегі басты ережелердің бірі екенін түсіне аласыз. Ал егер сіз ережені бұзғанда айтарлықтай экспериментке қатысушылардың жағынан айтарлықтай көп өзгерістің болмағанын байқасаңыз, онда сіз аса маңызды емес кодты, немесе жақында ғана қалыптасқан, немесе мәнінен айырыла бастаған ережемен жұмыс істеп тұрсыз дегенді білдіреді. Зерттеудің келесі сатысында осы кодтар неге дәл осылай қалыптасқан соны анықтап, жұмысыңызда сол себептерді түсіндіріп беруіңіз керек. Егер алғашында этноәдіснама теке этностық мәдениеттерді зерттейтін болса, қазір ол электронды мәдениеттерді зерттеу жағына да өзекті болып келе жатыр. Мысалы, инстаграм, фейсбук сияқты әлеуметтік желілер коммерциялық тауарларды жарнамалау алаңына айналды. Осы орайда тұтынушылармен қалай сөйлесу керек, тұтынушыны еліктіру үшін, қызықтыру үшін диалогты қалай құрастыру керек? деген сияқты сұрақтарды да этноәдіснамалық әдіспен зерттеуге болады.

Этноәдіснамаға қатысты айтылатын сын да жоқ емес. Кейбіреулер этноәдіснама жасап шығаратын «ережелер» онсыз да анық және сондықтан қызық емес деп те айтады. Түсіндірмелі жұмыстарды талдаумен байланысты тағы бір қате пікір – ол тек әңгімелесуді талдаумен шектелген, немесе басқаша айтқанда жазылған вербалды деректерді жіктеп зерттеумен ғана шектелген дейтін жаңсақ пікір. Талдаудың бұндай түрі этноәдіснамалық зерттеулер әңгімелесудің және қарым-қатынасқа түсудің бейвербалды жағын ескерусіз қалдырады дегенді білдіруі мүмкін. Дегенмен әңгімелерді талдау этноәдіснамалық деректердердің талдануына қолданылатын ең жақсы анықталған және ең көп қолданылатын тәсіл болғанымен, бұл тәсіл оның ықтимал әдістерінің бірі ғана екенін естен шығармау керек.

Феминистік әдісті түсіну



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Сапалық зерттеу әдісі және аралас тәсілдермен талдау

Феминистік әдіске қатысты әртүрлі пікірлер бар. Кейбіреулер оны әдістер қатарына жатқызуға да тұрмайды деп те есептейді. Бірақ ол әдіс бар болғандықтан және ол танымал әдіс болғандықтан зерттеуші ретінде сіз одан хабардар болуыңыз керек. Феминистік зерттеушілердің өздері өз ішінде бірнеше бағыттарға бөлінеді. Бірақ олардың бәріне ортақ нәрсе зерттеудің патриархалдық және “ер адамдардың” үстем көзқарасы тұрғысынан жаңсақ пікірлер жіберілмеді ме деген қырын алға ұстау. Мысалы, әйелдерге көрсетілетін жәбір мәселесі қарастырылғанда, көбіне бұл жағдай әйел адамның өз кінәсынан болады немесе ондай жағдай тек жеңілтек әйелдердің басынан ғана өтеді деген патриархалдық түсініктерге негізделген тұжырымының жасалмауына мән береді. Сол сияқты феминистер әлсіздерге қалай күш беруге болады, әлсіздер үстем идеологияның ықпалынан қалай шыға алады, қалыпты деп саналатын идеологиялар шын мәнісінде белгілі бір топтың мүддесі үшін ғана құрылған деген сияқты бағыттағы зерттеулерге мән береді.

Кейбір әдебиеттерде сапалық зерттеуге кейс талдауды жатқызып жатады. Кейс зерттеулерге біз бұл дәрісте аз ғана тоқталаламыз. Кейс деген сөзді тікелей қазақшаласақ, жағдай, жайт деп аударуға болады. Яғни кейс зерттеуде бір жеке жағдай қарастырылады және соған толығымен талдау беріледі. Оны толығырақ басқа дәрісімізде таратып айтатын боламыз.

Сондай-ақ Негізделген теория деп аталатын сапалық әдіс түрі де бар. Негізделген теория бойынша бірінші деректер жиналады және ол деректер талданып болған соң, талдау нәтижесіне байланысты қандай да бір теория жасап шығарылады.

Сапалық зерттеу әдісі — сандық зерттеу әдісіне қарама-қарсы қойылатын, барлық нәрсені санмен түсіндіруге болмайды деген пікірді ұстанатын бағыт. Сапалық зерттеу әдісі мәтіндермен, шынайы өмірдегі қарым-қатынастарды зерттеумен, ақылмен емес, сезіммен және түйсікпен ғана түсінуге болатын мәселелерді зерттейді. Ол үшін сапалық зерттеу жүргізетін зерттеуші сұхбат жүргізу, бақылау, сауалнама жүргізу сияқты тәсілдерге жүгінеді. Сандық және сапалық зерттеу әдістері әдетте екі бөлек қарастырылып, бір-бірін мойындамай жататыны бар. Бұл көп жағдайда зерттеу үшін ешқандай пайда әкелмейді. Оның орнына зерттеуші сандық және сапалық әдістермен қатар танысып, зерттеу жүргізуге ең тиімді болатындай етіп, аралас тәсілмен зерттеу жүргізуді таңдайды.

АРАЛАС ТӘСІЛДЕРМЕН ТАЛДАУ

Аралас тәсілдермен талдау әдіснамасы – сапалық және сандық зерттеу парадигмаларын, көзқарастарын, концептілерін, әдістерін және/немесе техникаларын бір зерттеуде қатар қолдану.

Біз позитивистік парадигма аясында сандық зерттеу әдіснамасы қалыптасқанын, одан соң барлық жағдайларды санмен ғана түсіндіру мүмкін емес, кейде адамның сезіміне, өміріне т.с.с. байланысты дүниелерді сандармен зерттеу мүмкін емес, оларды тек контекстке бойлау арқылы түсінуге болады дейтін сапалық зерттеулер қалыптасты деп айтып өттік. Осыдан соң зерттеушілер арасында өздерін не таза сандық, не таза сапалық дәстүрлерге жатқызатын, соның арқасында бірін-бірі мойындамайтын, шекараның екі шетінде тұрған топтар байда болғанын қарастырып едік. Бірақ өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап бұл шекара ақырындап ашыла бастады. Себебі сандық зерттеушілер де, сапалық зерттеушілер де өздерінің зерттеулерін бір-біріндегі тәсілдермен толықтырса, өз әдіснамасындағы кемшіліктерін толықтыра алатынын түсіне бастады. Сандық зерттеушілер кейде сапалық зерттеу әдісіне тән түсіндіру, сипаттау, контексті түсіну сияқты тәсілдердің өз зерттеулерін аша түсетінін, ал сапалық зерттеушілер кейбір деректерді сандармен жүйелеп берсе, оны түсіндіру әлдеқайда жеңіл болатынына көз жеткізе бастады. Сондықтан, біздің қуанышымызға орай, біз қазір сандық және сапалық зерттеу әдіснамасының араласуына аса қатты сынап қарамайтын, керісінше қолдайтын уақытта өмір сүріп жатырмыз.

Бір жағынан қарағанда бұл ең ұтымды әрі ең дұрыс жол сияқты көрінеді. Бірақ, әрине, аралас әдіснаманың да өзіндік қиындықтары мен сынақтары бар.

ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР

Ең бірінші кездесетін қиындық сапалық зерттеушілер сапалық әдістермен шектелуі тиіс, ал сандық зерттеушілер сандық әдістермен шектелуі тиіс, әрқайсысы өзінше толыққанды, жан-жақты жетілдірілген әдіснама болғандықтан, оларды бір-бірімен араластырған дұрыс емес дейтін сыншылар болады. Сіз бірінші кезекте өзіңізді осындай сыннан қалай қорғап ала алтыныңызды ойлануыңыз керек. Оларға қарсы қандай дәйектер келтіре аласыз?

Тағы бір ескеретін жайт әр әдіснама бірнеше әдістердің жиынынан тұрады. Жеке әдіснаманың әдістерін игеріп шығудың өзі оңай емес, ал сіз екі үлкен мектеп болып саналатын әдіснамалардың тәсілдерін



меңгергелі жатырсыз. Оны меңгеруге уақытыңыз және күшіңіз жете ме? Мәселен сіз феноменологиялық зерттеу әдісін қолданып, онда сандық зерттеу әдісі ретінде статистикалық деректерді келтіруге бел будыңыз. Бірақ статистикамен жұмыс істейтін компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеп білмейсіз. Ал жұмысыңызды тапсыратын уақыт бір аптадан соң немесе кейбір компьютерлік бағдарламаларды орнату үшін оны сатып алу керек, ал ол үшін қаржыңыз тапшы болып тұр т.с.с. жағдайларды ескеру керек. Аралас тәсілді қолдану арқылы шекараларды ашамын деп, керісінше өзіңізді шектеп алуыңыз мүмкін.

Сондықтан егер аралас тәсілмен зерттеу әдіснамасына жүгінгіңіз келсе мына сұрақтарға жауап беріп алыңыз:

1. Зерттеу сұрағыма ең дұрыс жауап беретін әдіснама ол аралас тәсілмен зерттеу екеніне сенімдімін бе? Мына себептерге байланысты сенімдімін, мына себептерге байланысты сенімді емеспін деп екі жауапты бір-бірімен салыстырыңыз. Сенімді емеспін дегеннің себептері көп болып тұрса, бұл ойдан бас тарқаныңыз дұрыс шығар. Егер сенімді екеніңізге көз жеткізіп тұрсаңыз, онда келесі сұрақты қойыңыз:

2. Бұл мен үшін дұрыс жол ма екен? Алдыңғы дәрістерде әдістерді таңдағанда қалай өз мүмкіндіктеріңізді ескере отырып, әдістерді таңдауға болатынын қарастырдық. Мінезіңіз бен ептілігіңізді шынайы бағалауыңыз керек. Екі дәстүрді қатар алып жүрудің қиындықтары жайында ғылыми жетекшіңізбен және өзге де зерттеушілермен ақылдасыңыз. Егер әлі де таңдауыңызды өзгертпеген болсаңыз онда былай сұрақ қойыңыз:

3. Бұны іске асыру мүмкін бе? Аралас тәсілмен зерттеу жетекші, уақыт және/немесе қаржылық шектеулер жағынан тиімді бола ма? Сізден бұрын жетекшіңіздің өзі де тек сапалық не сандық әдіс бойынша маманданған болуы мүмкін. Сонда сіз сандық әдіснаманы жақсы меңгерген жетекшіден сапалық зерттеуге қатысты сапалы кеңестер ала алмауыңыз мүмкін. Бұл жағдайда кімнен кеңес сұрауыма болады деп ойланыңыз.

Осы үш сұрақты қойып болған соң, аралас тәсілмен зерттеуге шындап бел буған болсаңыз, онда енді нақты зерттеу жолдарын қарастырайық.

Аралас тәсілмен зерттеу теориялары

Аралас тәсілмен зерттеуді әртүрлі жолдармен ендіруге болады. Біріншіден, еңбек сапалық әдістің ережелеріне қарай құрылған, бірақ сандық зерттеуді белгілі бір міндеттерге қол жеткізуде ғана кіріктірген дизайнда болуы мүмкін. Екіншіден, ол сапалық зерттеу қағидалары бойынша құрылған, бірақ тек жеке сұрақтарда сандық зерттеуге сүйенетін зерттеу дизайны болуы мүмкін. Үшіншісі, кезеңдік зерттеу дизайны деп аталады. Кезеңдік зерттеу дизайнында сіз зерттеудің әр кезеңінде әртүрлі әдістерге жүгінесіз. Мысалы, зерттеудің бас кезеңінде Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама жүргізесіз. Сауалнаманың нәтижесін статистикалық бағдарламаға салып, оның сандық көрсеткіштерін есептеп шығарасыз. Осылайша зерттеудің бірінші кезеңі сандық кезеңнен тұрады, бірақ зерттеудің екінші сатысында сапалық зерттеуге жататын терең сұхбат жүргізу мен бақылау жүргізу әдістерін қолданатын болдыңыз. Сонда зерттеуіңіздің бірінші сатысы толығымен сандық зерттеу дәстүрі бойынша жүзеге асырылды да, екінші сатысы сапалық зерттеу дәстүрі бойынша жүргізілді.

Триангуляциялық зерттеу

Триангуляциялық зерттеу — бір деректің растығын тексеру үшін оны бірнеше дереккөздермен салыстыру. Мысалы, егер сұхбат барысында белгілі бір тарихи кезеңге қатысты ақпараттарды анықтаған болсаңыз, сол ақпараттардың растығын сол кезеңде жүргізілген статистикалық деректермен бекітуіңіз мүмкін. Немесе сол кезеңнен сақталған құжаттармен, әңгімелермен жұмыс істеу арқылы сұхбаттағы айтылғандардың растығына көз жеткізе аласыз. Көп жағдайда аралас тәсілде триангуляцияны қолдану арқылы сіз сандық деректі сапалық дерек арқылы, немесе керісінше жолдармен растау мүмкіндігіңіз кеңейеді.

Сұраққа байланысты зерттеу жүргізу

Зерттеуді жүргізгенде аралас тәсілді таңдаудың бірден-бір себебі зерттеуді сұраққа байланысты жүргізуге байланысты болуынан. Яғни зерттеуді парадигма, тәсіл, әдіс тұрғысынан емес, зерттеуге ең тиімді жауап беретін қандай әдіс деген оймен жүргізесіз. Ең дұрысы және ойға қонымдысы да сол. Зерттеу дизайныңызды жасағанда зерттеу міндеттерін қоясыз. Сол міндеттерге қол жеткізу үшін ең тиімді тәсіл



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Сапалық зерттеу әдісі және аралас тәсілдермен талдау

қандай тәсіл екенін ойлаңыз. Осылайша, зерттеу барысын жеңілдететін жолмен жүресіз.

Келесі бір сұрақ аралас тәсілмен жұмыс істейтін бағдарламаларға қатысты. Сандық зерттеулермен жұмыс істеуге арналған әртүрлі статистикалық деректермен, сандармен жұмыс істейтін дайын бағдарламалар бар. Сіз жинаған сандарыңызды орын орнына салып шығасыз да, компьютердің дайын жауабын аласыз. Ал аралас тәсілмен зерттеуге арналған осындай бағдарламалар бар ма?

Иә, бар. Аралас тәсілмен зерттеуге деген қызығушылықтың, талаптың, сұраныстың артуына орай осындай бағдарламалар да жасалып жатыр. Олардың қатарына:

- MAXQDA, www.maxqda.com/products/maxqda/mixed-methods-functions.
- QDA Miner, <http://provalisresearch.com/products/qualitative-data-analysis-software>
- SimStat, <http://provalisresearch.com/products/simstat>
- WordStat, <http://provalisresearch.com/products/content-analysis-software>
- Dedoose, www.dedoose.com.

Бұл бағдарламалар сізге сапалық деректерге сандық деректерді кіріктіруге, немесе керісінше жасауға, контент талдау жүргізуге немесе сөздерді майнингтеуге мүмкіндік береді. Осы аталғандардың ішінде дедус мәтін, аудио, видео, Уорд құжаттар, Эксел парақшалары, Аксесс дерек қоры, Сөрви Маңки сияқты дереккөздерімен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қиылыспалы платформалы құрал.

Жалпы алғанда аралас тәсілмен зерттеуді жүзеге асыруға болады. Бірақ мына жағдайларды ескергеніңіз жөн:

- 1) аралас тәсілмен зерттеуді қолдануыңызға кепілдік бере алатыныңызға көзіңізді жеткізіп алыңыз;
- 2) қолданатын әрібір әдісіңіз сіздің зерттеуіңізге маңызды/жаңа ой тудыратын дерек қосатынына көз жеткізіңіз;
- 3) нақты бір әдісті қолдануда оны барынша жақсылап қолданғаныңызға көз жеткізіңіз;
- 4) қолданған әдісіңіз нақты бір зерттеу әдісіңізге сәйкес сенімділік көрсеткіштеріне сәйкес пе екеніне көз жеткізіңіз.

Енді тарауды қорытындылайық:

Егер дұрыс қолданылса, аралас талдау әдісі екі дәстүрдің ең жақсы тұстарын анықтап көрсете алады, және бір жағынан бір-бірінің кемшіліктерін толықтыра түседі.

Аралас тәсілмен жұмыс істегенде әр мектептің әдістерінен жіті хабардар болуы керек және оларды игеруге жеткілікті қаражатыңыз және уақытыңыз бар ма екенін ойланғаныңыз жөн.